



Қазақстан Республикасы
Стратегиялық жоспарлау
және реформалар агенттігі
Ұлттық статистика бюросы

Сапа бойынша есеп

*ҰШЖ көрсеткіштерінің есептеулеріндегі
номиналдық алшақтықтарды талдау*

Мазмұны

- S.1 Байланыс деректері
- S.2 Өзектілік- кіріспе
- S.3 Метадеректерді жаңарту
- S.4 Статистикалық ақпаратты ұсыну
- S.5 Өлшем бірлігі
- S.6 Есепті кезең
- S.7 Құқықтық негіз
- S.8 Құпиялылық және деректерді қорғау
- S.9 Жарияланымдар саясаты
- S.10 Тарату жиілігі
- S.11 Тарату форматы, қолжетімділік және нақтылық
- S.12 Құжаттаманың қолжетімділігі
- S.13 Сапаны басқару
- S.14 Өзектілік
- S.15 Дәлдік және сенімділік (байқау түрін ескерумен толтырылады)
- S.16 Уақыттылық және ұқыптылық
- S.17 Салыстырмалылық
- S.18 Келісушілік
- S.19 Жүктеме
- S.20 Деректерді қайта қарау
- S.21 Статистикалық деректерді өңдеу
- S.22 Ескерту

S.1 Байланыс деректері

S.1.1 Ұйым

Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросы

S.1.2 Құрылымдық бөлімше

Ұлттық шоттар департаменті

S.1.3 Байланыс адамының аты

Шигамбаева Зауре Ахметқызы

S.1.3.1 Жауапты құрылымдық бөлімше басшысының аты

Нақыпбеков Әсет Еріқұлы

S.1.5 Байланыс адамының пошталық мекенжайы

010000, Қазақстан, Нұр-Сұлтан қаласы, Сол жағалау, Мәңгілік ел көшесі 8,
4-кіреберіс

S.1.6 Байланыс адамының электрондық мекенжайы

z.shigambaeva@aspire.gov.kz

S.1.7 Байланыс адамының телефоны

+7(7172)74-93-02

S.2 Өзектілік- кіріспе

Ұлттық шоттар жүйесі (ҰШЖ) макроэкономикалық шоттардың, активтер мен пассивтер баланстарының, сонымен қатар негізіне халықаралық деңгейде келісілген ұғымдар, анықтамалар, жіктеулер мен есепке алу ережелерінің бірқатары жататын кестелердің логикалық жүйелі, үйлесімді және тұтас жиынтығын білдіреді. Бұл шоттардың кешенді жүйесі экономикалық талдау, шешімдерді қабылдау және саясат құруға жарамды нысанда экономикалық деректерді құрастыру мен ұсынуға мүмкіндік береді.

ҰШЖ-ның негізгі мақсаты экономиканың тиімді жұмыс істеуін талдау мен бағалауға жарамды макроэкономикалық деректер базасын құру үшін пайдалануға болатын жан-жақты тұжырымдамалық негізді және есепке алу құрылымын қамтамасыз етуі болып табылады. Мұндай деректер базасының болуы негізделген және ұтымды саясатты әзірлеу мен тиісті шешім қабылдауда қажетті шарт болып табылады.

Мұндай деректер базасының болуы негізделген және ұтымды саясатты әзірлеу мен тиісті шешім қабылдауда қажетті шарт болып табылады.

ҰШЖ-ны қолданудың бір қатар нақты салалары мынадай:

- Экономика жағдайының өзгерісін бақылау;
- Макроэкономикалық талдау;

- Экономикалық саясатты әзірлеп шығару және тиісті шешімдер қабылдау;

- Халықаралық салыстыру.

Жоғарыда баяндалғанды негізге ала отырып, халықаралық стандарттарға сәйкес келетін сапалы деректерді қалыптастыру ерекше маңызды болып табылады. Осы мақсатқа қол жеткізу үшін Ұлттық шоттар департаментінің қызметкерлері жүйелі негізде мониторинг және қалыптастырылатын ақпараттың сапасын жақсарту бойынша жұмыс жүргізеді.

«ҰШЖ көрсеткіштерінің есептемелеріндегі номиналдық алшақтықтарға талдау» экспресс-ақпаратын дайындау қалыптастырылатын деректердің сапасын, сондай-ақ уақыт бойынша прогресті қадағалауға мүмкіндік беретін іс-шаралардың бірі болып табылады және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің Төрағасы 2018 жылғы 19 қаңтардағы (2018-2020 жылдарға) бекіткен «Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Ұлттық статистика комитетінің сапа саласындағы мақсаттарының» Экономика салаларының сапалық көрсеткіштерімен қамтамасыз ету, ресми статистикалық ақпарат өндірісін ұтымды ету атты 1-мақсатын орындау үшін жыл сайын қалыптастырылады.

«ҰШЖ көрсеткіштерінің есептемелеріндегі номиналдық алшақтықтарға талдау» экспресс-ақпаратының соңғы жарияланымы 2020 жылдың нәтижелері бойынша 2021 жылы болды.

S.3 Метадеректерді жаңарту

S.3.1 Жаңартылған метадеректерді соңғы растау

S.3.2 Метадеректерді соңғы орналастыруы

S.3.3 Метадеректердің соңғы жаңаруы

S.4 Статистикалық ақпаратты ұсыну

S.4.1 Деректерді сипаттау

ҰШЖ-ның негізгі макроэкономикалық көрсеткіштерінің бірі - үш әдіспен есептелетін **Жалпы ішкі өнім** болып табылады: өндіріс әдісі, табыстар әдісі, түпкілікті тұтыну әдісі.

Жалпы ішкі өнім (ЖІӨ) – елдің экономикалық қызметінің түпкілікті нәтижесін сипаттайтын ұлттық шоттар жүйесінің маңызды көрсеткіштерінің бірі.

Өндіріс әдісімен есептелген ЖІӨ – барлық резидент-өндіруіштердің негізгі бағада есептелген жалпы қосылған құнының соммасына шығарылым бағалауына қосылмаған субсидияны шегергенде өнімдерге салынатын таза салықтарды қосындысы. ЖІӨ-ні өндіріс әдісімен есептеу мынадай формула бойынша жүзеге асырылады:

$$ЖІӨ = ЖҚҚ + ТС$$

где:

ЖІӨ – Жалпы ішкі өнім;

ЖҚҚ – Жалпы қосылған құн;

ТС – өнімдерге таза салықтар.

Табыстар әдісімен есептелген ЖІӨ экономиканың барлық секторларының бастапқы табыстарының сомасын білдіреді: еңбекақы төлеу, өндіріске салынатын басқа да салықтар, өнімдерге салынатын салықтар, негізгі капиталды тұтыну және пайда/ аралас табыстар. Табыстар әдісімен ЖІӨ-ні есептеу келесі формула бойынша жүзеге асырылады:

$$ЖІӨ = E + ТС + ЖП + ЖАТ$$

мұндағы:

ЖІӨ – ЖІӨ;

E – еңбекақы;

ТС – өндіріске және импортқа салынатын таза салықтар;

ЖП – жалпы пайда;

ЖАТ – жалпы аралас табыс.

Түпкілікті тұтыну әдісімен есептелген ЖІӨ түпкілікті тұтыну шығыстарын, плюс жалпы жинақтау, плюс экспорт, минус импортты білдіреді. Түпкілікті тұтыну әдісімен есептелген ЖІӨ-ні есептеу келесі формула бойынша жүзеге асырылады:

$$ЖІӨ = ТТШ + ЖЖ + ТЭ$$

мұндағы:

ЖІӨ – жалпы ішкі өнім;

ТТШ – түпкілікті тұтынуға шығыстар;

ЖЖ – жалпы қорланым;

ТЭ – таза экспорт.

S.4.2 Жіктеу жүйесі

NACE rev.2 халықаралық жіктеуішпен үйлестірілген Экономикалық қызмет түрлерінің жалпы жіктеуіші (03-2007 ҚР ҰЖ). Экономика секторларының жіктеуіші, Мемлекеттік басқару органдары функциялары жіктеуіші, Үй шаруашылық- тарына қызмет көрсететін коммерциялық емес ұйымдар мақсаттарының статистикалық жіктеуіші, Мақсаттар бойынша жеке тұтыну жіктеуішіне тауар айқындамаларының 2008 Ұлттық шоттар жүйесімен сәйкес әзірлеген. Жіктеуіштер Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының www.stat.gov.kz сайтында «Жіктеуіштер» бөлімінде орналастырылған.

S.4.3 Секторлық қамту

Елдің экономикасын тұтастай құрайтын резиденттік институционалдық бірліктер бір-бірін өзара қоспайтын бес институционалдық секторға топтастырылады:

- қаржылық емес корпорациялар секторы;
- қаржылық корпорациялар секторы;
- мемлекеттік басқару секторы;
- үй шаруашылықтарына қызмет көрсететін коммерциялық емес ұйымдар секторы;
- үй шаруашылықтарының секторы.

ҰШЖ елдің тұтас экономикасын сипаттайды. ЖІӨ экономикалық секторлардың бөлінісінде қалыптастырылады: барлық резиденттер-институционалдық бірліктер және олармен жүргізілетін операциялар (басқа елдермен операцияларды қоса) қамтылады.

S.4.4 Статистикалық тұжырымдамалар және анықтаулар

S.4.5 Статистикалық объект

Елдің экономикасын тұтастай құрайтын резиденттік институционалдық бірліктер. Институционалдық бірлік, егер осы елдің экономикалық аумағында оның экономикалық мүдделерінің басым орталығы орналасқан болса, яғни ол осы аумақта экономикалық қызметпен біршама ұзақ кезеңде (бір жыл немесе одан да көп) айналысса, онда ол елдің резиденттік бірлігі болып табылады.

S.4.6 Бас жиынтық (зерттеу бірлігінің іріктеу қағидаты)

Қолданылмайды.

S.4.7 Аумақтық қамту

Жалпы Қазақстан Республикасы.

S.4.8 Қамту уақыты

S.4.9 Базалық кезең

Базалық кезең өткен жылғы тиісті кезең болып табылады.

S.5 Өлшем бірлігі

%

S.6 Есепті кезең

жыл

S.7 Құқықтық негіз

S.7.1 Құқықтық база

1. «Мемлекеттік статистика туралы» Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 19 наурыздағы №257-IV Заңы.

2. Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі төрағасының 2010 жылғы 9 шілдедегі №173 бұйрығымен бекітілген Респонденттердің алғашқы статистикалық деректерді ұсыну қағидалары.

3. Қазақстан Республикасының белгіленген заңнамалық тәртібімен ҚР СЖРА ҰСБ басшысының бұйрығымен бекітілетін Статистикалық жұмыстар жоспары.

4. ҚР СЖРА ҰСБ басшысының бұйрығымен бекітілетін Ресми статистикалық ақпаратты тарату графигі.

5. "Өндірушілердің көрсетілетін қызметтерге баға индекстерін құру әдістемесі" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті төрағасының 2016 жылғы 26 желтоқсандағы № 324 бұйрығымен бекітілген.

S.8 Құпиялылық және деректерді қорғау

S.8.1 Құпиялылық саясаты

1. «Мемлекеттік статистика туралы» Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 19 наурыздағы №257-IV Заңының 8-бабы.

2. 2015 жылғы 29 қазандағы № 183 Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің 28-бабы коммерциялық құпиядан тұратын ақпаратты қорғауды қамтамасыз етеді.

3. Қазақстан Республикасының СЖРА ҰСБ басшысының 2021 жылғы 10 ақпандағы №20 бұйрығымен бекітілген Ақпараттық қауіпсіздік саясаты (бұдан әрі – Саясат) Бюроның ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы мақсаттарын, міндеттерін, басшылық қағидаттары мен практикалық тәсілдерін айқындайды. Саясаттың негізгі мақсаты ресми статистикалық ақпараттың қолжетімділігін, Бюроның есептеу техникасы құралдарында сақталатын және өңделетін ақпараттың құпиялылығын оның тұтастығы мен теңтүпнұсқалығы шартында қамтамасыз ету болып табылады.

S.8.2 Құпиялылық – деректермен жұмыс істеу

Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі Төрағасының 2010 жылғы 2 шілдедегі № 168 бұйрығымен бекітілген Деректер базасын деидентификациялық түрде ұсыну және ғылыми мақсаттарға қолдану қағидалары. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2010 жылғы 13 тамызда Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне N 6388 болып енгізілді.

S.9 Жарияланымдар саясаты

S.9.1 Жарияланым күнтізбесі

«Мемлекеттік статистика туралы» Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 19 наурыздағы № 257-IV Заңының 26-бабының 1 және 2-тармағы.

Статистикалық жұмыстар жоспары және Ресми статистикалық ақпаратты тарату графигі Мемлекеттік органдардың интернет-ресурстарының бірыңғай порталында (МОИП БП) www.gov.kz сайтында ҚР

Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының бөлімінде орналастырылған.

S.9.2 Графикке қол жеткізу

ҚР Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының www.gov.kz сайтында «Басты бет»/«Негізгі құжаттар» бөлімінде барлық пайдаланушыларға бірдей және бір мезгілде қолжетімді.

S.9.3 Пайдаланушы үшін қол жеткізу

ҚР Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының www.stat.gov.kz сайты. Ресми статистика / Салалар бойынша / Ұлттық шоттар статистикасы.

S.10 Тарату жиілігі

жыл

S.11 Тарату форматы, қолжетімділік және нақтылық

S.11.1 Жаңалықтарды жариялау

S.11.2 Жарияланымдар

ЖІӨ көрсеткіштері Excel форматында және Word форматында тоқсан, жыл сайын ҚР Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының www.stat.gov.kz сайтында Ресми статистика / Салалар бойынша / Ұлттық шоттар статистикасы бөлімінде жарияланады.

«ҰШЖ көрсеткіштерінің есептемелеріндегі номиналдық алшақтықтарға талдау» экспресс-ақпараты ҚР Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының www.stat.gov.kz сайтында Ресми статистика / Салалар бойынша / Ұлттық шоттар статистикасы/ Экспресс-ақпараттар бөлімінде жарияланған.

S.11.3 Онлайндық деректер базасы

Қолданылмайды.

S.11.3.1 АС1. Деректер кестесі -кеңестер

Іске асырылмаған.

S.11.4 Микродеректерге қолжетімділік

Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі Төрағасының 2010 жылғы 2 шілдедегі №168 бұйрығымен бекітілген Деректер базасын деидентификациялық түрде ұсыну және ғылыми мақсаттарға қолдану қағидалары. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2010 жылғы 13 тамызда Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне N 6388 болып енгізілді.

S.11.5 Өзге де

S.11.5.1 АС 2. Метадеректер – кеңестер

Іске асырылмаған.

S.12 Құжаттаманың қолжетімділігі

S.12.1 Әдіснама бойынша құжаттама

Ұлттық шоттар жүйесі 2008 (ЕУРОСТАТ Еуропалық Қоғамдастықтардың Комиссиясы, Халықаралық Валюта Қоры (ХВҚ), Экономикалық Ұнтымақтастық және Даму Ұйымы (ЭЫДҰ), Біріккен Ұлттар Ұйымы (БҰҰ), Дүниежүзілік Банкі басып шығарған) .
<https://unstats.un.org/unsd/nationalaccount/docs/SNA2008Russian.pdf>.

S.12.2 Сапа бойынша құжаттама

1. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті төрағасының 2020 жылғы 16 қарашадағы бұйрығымен бекітілген Сапа саласындағы саясат;
2. Тиісті құрылымдық бөлімшенің Сапа саласындағы мақсаттары;
3. Сапа менеджменті жүйесі құжатталған ақпараты: Сапа бойынша нұсқау; Құжатталған рәсімдер; Нұсқаулықтар; Процесстер карталары;
4. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті төрағасының 2015 жылғы 30 наурыздағы № 53 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік органдардың статистикалық ақпаратты түзу үдерісін сипаттаудың үлгілік әдістемесі;
5. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті төрағасының 2018 жылғы 23 мамырдағы № 63 бұйрығымен бекітілген Ресми статистикалық ақпараттың сапасын бағалау әдістемесі.

S.13 Сапаны басқару

S.13.1 Сапаны қамтамасыз ету

Ұлттық шоттар статистикасы бойынша деректердің сапасы және анықтығы жалпыға бірдей қабылданған рәсімдермен құпталады:

- халықаралық стандарттарға сәйкес деректердің салыстырымдылығын қамтамасыз ету үшін халықаралық ұсынымдарға сәйкес қалыптастыру;
- тауарлардың, өнімдердің, қызметтердің стандартты статистикалық классификациясын пайдалану;
- статистикалық деректердің салыстырмалы талдауы (динамикада, әкімшілік деректермен, салааралық) жүргізіледі.

S.13.2 Сапаны бағалау

Қазақстандық статистикада ЖІӨ-ні есептеудің негізгі әдіс - өндіріс әдісі, екіншісі-түпкілікті пайдалану әдісі болып табылады. Табыстар әдісімен ЖІӨ-нің негізгі емес, өйткені қабылданған әдіснамаға сәйкес табыстың кейбір көрсеткіштері баланстық әдіспен бағаланады.

Өндіріс және түпкілікті тұтыну әдісімен есептелген ЖІӨ-нің номиналды мәндерінің арасында пайызбен өлшенетін және **статистикалық алашақтық** деп аталатын айырмашылық бар.

Осы әдістер арасындағы айырмашылықтар келесі себептерге байланысты:

– бастапқы статистикалық деректердің жеткіліксіз сапасы: есептеу әдіснамасы мен алгоритмдеріндегі қателіктер, тікелей статистикалық әдістермен байқалмайтын қызметтің болуы және т. б.

– кәсіпорындарды зерттеу, үй шаруашылықтарының шығыстарын зерттеу, инвестицияларды шолу, сыртқы сауда статистикасы сияқты салалық статистиканың әртүрлі көздерінен алынатын тауарлар мен қызметтер ағыны туралы статистикалық деректердің сәйкессіздігі.

Сондай-ақ сапаны қамтамасыз ету мақсатында алашақтықтарды талдау бастапқы (жедел деректер бойынша), нақтыланған (алдын ала деректер бойынша) және түпкілікті бағалаулар (есепті деректер бойынша) арасында есептелген өндіріс әдісімен ЖІӨ бойынша жүргізіледі.

Статистикалық жұмыстар жоспарына сәйкес мемлекеттік органдардан салалық статистикалық және әкімшілік деректердің түсуіне қарай ЖІӨ-ні өндіріс әдісімен бағалау мынадай мерзімдерге сәйкес жүзеге асырылады:

	Бастапқы бағалау (алдын ала деректер)	Нақтыланған бағалау (алдын ала деректер)	Түпкілікті бағалау (есепті деректер)
Өндіріс әдісімен ЖІӨ			
Ағымдағы тоқсандық бағалаулар	Есепті кезеңнен кейінгі 45-күні	Есепті кезеңнен кейінгі 90-күні	x
Жылдық бағалау	Есепті жылдан кейінгі 45-күні	Есепті жылдан кейін 3,5 ай	Есепті жылдан кейінгі 7 ай
Түпкілікті тұтыну әдісімен ЖІӨ			
Ағымдағы тоқсандық бағалаулар	x	Есепті кезеңнен кейінгі 105-күні	
Жылдық бағалау	x	Есепті жылдан кейінгі 4 ай	Есепті жылдан кейінгі 10,5 айда

ЖІӨ-нің бастапқы және нақтыланған бағалауларындағы айырмашылықтар келесі себептерге байланысты.

ЖІӨ-ні бастапқы бағалау Экономикалық қызмет түрлерінің жалпы жіктеуіші (ЭҚЖЖ) секциясы деңгейінде қалыптастырылады. Базалық алты сала бойынша («Ауыл, орман және балық шаруашылығы», «Өнеркәсіп», «Құрылыс», «Көтерме және бөлшек сауда, автомобильдер мен мотоциклдерді жөндеу», «Көлік және қоймалау», «Ақпарат және байланыс») Бюроның салалық департаменттері шығарылымдар бойынша ай сайынғы статистикалық байқаулардың деректерін және нақты көлем индексіні (НКИ) ұсынады.

Алайда, экономикалық қызметтің кейбір түрлері бойынша ай сайынғы статистикалық байқаулар жоқ, сондықтан мұндай салалар бойынша деректер жұмыспен қамтылғандар санының өзгеру индекстерімен экстраполяцияланады не жалақының өзгеру индекстерімен немесе тиісті баға индекстерімен дефляторланады.

ЖІӨ-ні нақтыланған бағала тоқсандық статистикалық байқаулардан жиналатын экономикалық қызметтің барлық түрлері бойынша салалық деректер бар ЭҚЖЖ-ның 2 белгісі деңгейінде қалыптастырылады. Салалық статистиканың тоқсандық деректері сондай-ақ бақыланбайтын экономиканы бағалауды қамтитын тоқсандық статистикалық нысандардан жаңа бастапқы деректердің алынуына қарай түзетілуі мүмкін (N3– бейресми сектор, N7a – есеп бермеген кәсіпорындар). Бұдан басқа, ЖІӨ-ні нақтыланған бағалау кезінде мемлекеттік органдардың әкімшілік деректері пайдаланылады. Осы өзгерістердің нәтижесінде ЖІӨ-нің кем бағалануы немесе артық бағалануы орын алады.

ЖІӨ бағалаудың алғашқы екі кезеңінде алшақтық айтарлықтай болуы мүмкін, өйткені бұл бағалаулар ақпараттың жеткіліксіз мөлшеріне негізделген.

ЖІӨ-ні үшінші бағалау негізгі және түпкілікті болып табылады, оның барысында тоқсандық және айлық деректер редакцияланады және тексеріледі, сондай-ақ әкімшілік деректер өзектендіріледі. ЖІӨ-ні есептеу үшін негізгі ретінде жылдық бағалауды айқындау үшін жылдық статистикалық байқаулардың қорытындылары бойынша алынатын ақпараттың толықтығы елеулі мәнге ие. Сондай-ақ жылдық бағалауда алдыңғы екі бағалаумен салыстырғанда ЖІӨ-нің номиналды көлемін айтарлықтай өзгерте алатын, Қазақстан үшін айқындалған бақыланбайтын экономиканың барлық типі (N1, N2, N3, N6, N7a) бойынша жете есептеулер қалыптастырылады.

2018-2020 жылдарға ұлттық шоттардағы алшақтық:

жыл	алшақтық, %	
	өндіріс әдісімен есептелген ЖІӨ-ің жедел және есепті деректері арасында	өндіріс және түпкілікті тұтыну әдісімен есептелген ЖІӨ арасында
2018 жыл	2,6%	2,6%
2019 жыл	2,5%	2,5%
2020 жыл	2,4%	2,3%

Кестеге сәйкес 2018-2020 жылдары орташа алғанда алшақтық 2,5% құрағанын көруге болады, ал дамыған елдерде ол жоқ немесе 1% - ға жетпейді.

Алшақтықты төмендету және болашақта өндіріс және түпкілікті тұтыну әдістерімен ЖІӨ арасындағы статистикалық алшақтықты толық жою үшін мыналар жоспарланған:

- түпкілікті тұтыну әдісімен ЖІӨ-ні есептеу кезінде ақпараттық базаның сапасын арттыру;
- салалық департаменттермен және мемлекеттік органдармен өзара іс-қимылды жақсарту;
- алшақтықты төмендету үшін Салааралық балансты кеңінен қолдану;
- балама ақпарат көздерін пайдалану.

S.14 Өзектілік

S.14.1 Пайдаланушылардың қажеттіліктері

Негізгі пайдаланушылар:

мемлекеттік органдар (Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі және тағы басқаралары);

ғылыми-зерттеу институттары (Экономикалық зерттеулер институты және тағы басқаралары);

халықаралық ұйымдар (ТМД, ЕЫДҰ, БҰҰ және тағы басқаралар);

университет оқытушылары, студенттер және тағы басқаралары.

S.14.2 Пайдаланушы-лардың қанағаттанушылығы

Қолданылмайды.

S.14.3 Толықтығы/ R1. Деректердің толықтығы - үлес

2008 ҰШЖ халықаралық стандартына сәйкес.

S.15 Дәлдік және сенімділік (байқау түрін ескерумен толтырылады)

S.15.1 Жалпы дәлдік

Бастапқы деректердің дәлдігі деректер көздерінің әдіснамалық негізділігін бағалау және әдіснамалық ұсынымдарды сақтау арқылы бақылынады.

S.15.2 Іріктеме қатесі - индикаторлар/ A1.

Қолданылмайды.

S.15.3 Іріктемемен байланысты емес қате

Қолданылмайды.

S.15.3.1 Қамту қатесі

Қолданылмайды.

S.15.3.1.1 A2. Қамтуды арттыру - үлес

Қолданылмайды.

S.15.3.1.2 A3. Жалпы бірліктер - арақатынас

Қолданылмайды.

S.15.3.3 Жауап жоқ болу қателері

S.15.3.3.1 A4. Жауап жоқ болу бірлігі – үлесі

Қолданылмайды.

S.15.3.3.2 A5. Жауап жоқ болу тармағы – үлесі

Қолданылмайды.

S.16 Уақыттылық және ұқыптылық

S.16.1 Уақыттылық

S.16.1.1 TP1. Күту кезеңі – алғашқы нәтижелер

Алғашқы нәтижелер түпкілікті тұтыну әдісімен есептелген ЖІӨ-нің есепті кезеңінен соң 30 күн өткенде жарияланады және соңғы нәтиже болып саналады.

S.16.1.2 TP2. Күту кезеңі – соңғы нәтижелер

Алғашқы нәтижелер соңғы нәтижелер болып саналады.

S.16.2 Ұқыптылық

S.16.2.1 Ұқыптылық/TP3

Деректер Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросы басшысының бұйрығымен бекітілетін Ресми статистикалық ақпаратты тарату графигі мен Статистикалық жұмыстар жоспарына сәйкес мерзімдерде жарияланады және таратылады.

S.17 Салыстырмалылық

S.17.1 Географиялық салыстырмалығы

Есептеулер 2008 ҰШЖ әдістемесіне сәйкес жүргізілетіндіктен халықаралық деңгейде салыстырылмалы.

S.17.1.1 Ағындардың айналы статистика бойынша ассиметриясы – коэффициент/СС1

Қолданылмайды.

S.17.2 Салыстырылатын уақытша қатарлардың зақтылығы/СС2

S.18 Келісушілік

S.18.1 Сыртқы келісушілік, айқасқан

Есептеулер Халықаралық Валюта Қоры (ХВҚ), Экономикалық Ұнтымақтастық және Даму Ұйымы (ЭЫДҰ), Еуропалық Одағының Статистикалық бюросы (Еуростат), Біріккен Ұлттар Ұйымы (БҰҰ) және Дүниежүзілік Банкі дайындаған 2008 жылғы Ұлттық шоттар жүйесіне сәйкес жүргізіледі, ол бірдей түсініктерді, анықтамаларды, жіктелімдерді және бағалау әдістерін қамтамасыз етеді.

S.18.2 Ішкі келісушілік

Ұлттық шоттар жүйесі шеңберінде ұлттық шоттар деректері арасында келісушілік бар. Бірақ әр түрлі деректер көздерін пайдалану нәтижесінде толық келісушілік барлық жағдайда мүмкін емес.

S.19 Жүктеме

ЖІӨ-ні Ұлттық шоттар департаментінің қызметкерлері Excel-де қалыптастырады. ЖІӨ көрсеткіштерін қалыптастыру кезінде жалпымемлекеттік статистикалық байқаулардың және әкімшілік

дереккөздердің деректері пайдаланылады. Басқа статистикалық жұмыстармен қайталану жоқ.

S.20 Деректерді қайта қарау

S.20.2 Деректерді қайта қарау /А6

Ресми ақпарат қайта жарияланған жоқ. Әдіснаманы, классификаторды өзгерткен жағдайда қайта қарау жүргізіледі.

S.21 Статистикалық деректерді өңдеу

S.21.1 Бастапқы деректер

ҰШЖ көрсеткіштерінің есептеулеріндегі номиналдық алшақтықтарға талдау үшін бастапқы деректер үш әдіспен есептелген ЖІӨ-нің (өндіріс, табыстар және түпкілікті тұтыну) номиналды мәні болып табылады. ЖІӨ-нің дереккөздері келесілер:

- салалық статистика деректері;
- ҚР Ұлттық банкі ұсынатын қаржы секторы ұйымдарының (екінші деңгейлі банктер, сақтандыру ұйымдары, зейнетақы қорлары) кірістер мен шығыстары бойынша есептері және Қазақстан Республикасының төлем балансы;
- ҚР Қаржы министрлігі ұсынатын Мемлекеттік бюджеттің кірістері мен шығыстары туралы есептері мен Ұлттық қорының қалыптастырылуы мен пайдаланылуы туралы есеп;
- бақыланбайтын экономиканы бағалау үшін пайдаланылатын мемлекеттік органдар (ҚР Қаржы министрлігі, ҚР Ұлттық банкі, ҚР Ішкі істер министрлігі, ҚР Денсаулық сақтау министрлігі, ҚР Қаржылық мониторинг агенттігі) ұсынатын деректер.

S.21.2 Зерттеу кезеңділігі

жыл

S.21.3 Алғашқы статистикалық деректерді жинау әдісі (тәсілі)

ЖІӨ Ұлттық шоттар департаментінің қызметкерлермен есептеледі. Жалпы мемлекеттік статистикалық байқау нәтижелері салалақ статистика басқармаларынан Excel кестелері түрінде алынды.

Әкімшілік деректер мемлекеттік органдармен ақпарат алмасу туралы қолданыстағы бірлескен бұйрықтар шеңберінде Excel кестесі түрінде ресми сұраулар бойынша және дереккөздерден ресми сайттарынан алынады.

S.21.4 Алғашқы статистикалық деректердің анықтығы

Салалақ статистика департаменттерінен және әкімшілік дереккөздерден алынған деректерге талдау жүргізіледі. Тексеру процесінде алынған

нәтижелер өткен кезеңмен, өткен жылдың сәйкес кезеңімен және бірнеше жылдық динамикада салыстырылады.

S.21.5 Импутация - үлесі/А7

Қолданылмайды.

S.21.6 Түзету

Қолданылмайды.

S.21.6.1 Маусымдық ауытқуларға түзетулер

Қолданылмайды.

S.22 Ескерту

Жоқ.